«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы», ҚР Оқу-ағарту министрінің бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары, мектептің жұмыс оқу жоспары басшылыққа алынып жасалынды. Апталық оқу жүктемесі Үлгілік оқу жоспарында (инвариантты және вариативті компоненттер) айқындалған оқу жұмыстарының барлық түрлерін қамтиды.

Мектептің сабақ кестесі барлық сыныптарға арналған Мектептің жұмыс оқу жоспарына сәйкес МЖМС, үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жасалады. Сабақ кестесі 27.08.2022, 29.08.2023, 28.08.2024 жылғы №1 педагогикалық кеңесте бекітіліп қабылданды.

Сабақ кестесі мектеп директоры, ата-ана қамқоршылық кеңесінің төрайымымен келісе отырып бекітілді. Сабақ кестесі 1 және 2 ауысымға жасалды.

2. Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығының 2-қосымша «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға

міндетті стандартының» 2-тарауында көрсетілген оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптар туралы 1-параграфта айтылған оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, жаңартылған бастауыш білім беру мазмұнына қойылатын талаптардың 10-23 тармақшаларына, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 3- қосымша 2-тарауында көрсетілген оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптардың 1-параграфта айтылған оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, жаңартылған негізгі орта білім беру мазмұнына қойылатын талаптардың 22-34 тармақшаларына, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 4- қосымша 2-тарауында көрсетілген оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптардың 1- параграфта айтылған оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып жалпы орта білімнің жаңартылған мазмұнына қойылатын талаптардың 22-28 тармақшаларына және 2021-2022 оқу жылында жалпы білім беретін пәндер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің "Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылды.

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 2-қосымша 2-тарауында көрсетілген оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптардың 11-24 тармақшаларына, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 3- қосымша 2-тарауында көрсетілген оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптардың 23-37 тармақшаларына, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 4-қосымша 2-тарауында көрсетілген оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптардың 23-28 тармақшаларына негізделініп және жалпы білім беретін пәндер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің "Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылды. Көрсетілген бұйрыққа сәйкес оқу пәндерінің базалық мазмұны 30 қыркүйекке дейін игерілді.

2022 жылдың қазан айынан бастап ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығын басшылыққа ала отырып өзгеріске ұшыраған пәндердің пән мұғалімдері күнтізбелік тақырыптық жоспарды үлгілік оқу бағдарламаға сәйкес оқу мақсаттарын өзгертіп қайта бекітіліп жүзеге асырылды.

3. Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру.

<https://drive.google.com/file/d/1236wdupsarmkSSgG3LFRJ44z8EZWEZM1ep/view?usp=sharing> 2022-2023 о.ж.

<https://drive.google.com/file/d/123bSr0S4j261ZhdW4fRTAESpYtcbTmGNid/view?usp=sharing> 2023-2024 о.ж.

https://drive.google.com/file/d/123iCWCrziQ4XIVhAA1_R-Jq3vMcReBiftC/view?usp=sharing 2024-2025 о.ж.

Мектептің тәрбие қызметінің ұжымы

Қызметі	Аты-жөні	Санаты	Білімі	Еңбек өтілімі
---------	----------	--------	--------	---------------

Директордың тәрбие ісінің орынбасары	Темирова Дамет Махметовна	бірінші	жоғары	34
Аға тәлімгер	Жұмадылов Аңсат Болатұлы	Педагог-модератор	жоғары	4
Әлеуметтік-педагог	Асанбекова Гүлжайна Маратқызы	Педагог	жоғары	3
Педагог-психолог	Демеуова Мадина Сейсенбаевна	Педагог-сарапшы	жоғары	14
Педагог-психолог	Дүкенбаева Мақпал Ергалиевна	Педагог /модератор/	жоғары	11
Медбике	Бүлекбаева Индира	-	орташа	13
Кітапханашы	Утупова Шайнұр	-	жоғары	1,5
Сынып жетекшілердің бірлестік жетекшісі	Дәулетбаева Гауһар Бауржанқызы	Педагог-сарапшы	жоғары	6

Қазіргі уақытта оқыту мен тәрбиелеудің бірлігі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының негізінде жатқан және күтілетін нәтижелердің көп деңгейлі жүйесінде байқалатын **құндылыққа бағдарланған тәсіл** арқылы іске асырылады. Мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастыруды реттейтін нормативтік құқықтық құжаттарға мыналар жатады:

- ❖ "Білім туралы" ҚР Заңы
- ❖ Қазақстан Республикасының Конституциясы
- ❖ 2011 жылғы 26 желтоқсандағы "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" ҚР Кодексі
- ❖ 2002 жылғы 8 тамыздағы "Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы" ҚР Заңы
- ❖ 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169 - VI "балалардың құқықтары мен олардың денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпаратты қорғау туралы" ҚР Заңы
- ❖ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
- ❖ Білім берудің барлық деңгейлеріндегі мемлекеттік жалпы білім беру стандарттары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы
- ❖ Нұсқаулық-әдістемелік хат
- ❖ ҚР Еңбек кодексі
- ❖ ҚР Азаматтық Кодексі
- ❖ Санитарлық-эпидемиологиялық нормативтер
- ❖ БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы Конвенциясы
- ❖ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 415 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.

2022-2023 оқу жылында №55 орта мектепте оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезіндегі **басымдықтар** білім алушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету, баланың жеке басына құрмет пен сенім, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітушілікке жол бермеу болып табылады.

Тәрбиедегі басымдық: Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, заманауи білімдерді меңгерген, бәсекеге қабілетті, салауатты ұрпақ тәрбиелеу.

2022 - 2023 оқу жылы келесі **міндеттер** белгіленді:

Smart - мақсат:

2022 – 2023 оқу жылында «Құндылыққа негізделген білім беру» жобасын жандандыру арқылы, мұғалім, ата – ана және оқушы ынтымақтастығын нығайта отырып, оқушылардың сыпайы қарым – қатынастарын реттеу, білім сапаларын көтеруге ықпал жасау.

2022 – 2023 оқу жылына ұсынылатын міндеттер:

1. Ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, тұлғаны патриотизмге, Отанына адал қызмет етуге және оның мүдделерін қорғауға тәрбиелеу.
 2. Тұлғалық қасиеттерді дамыту, бәсекеге қабілеттілікті, сын тұрғысынан ойлауды және функционалдық сауаттылықты, проблемаларды өздігінен шешу қабілетін дамытуға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға қажетті жағдайлар жасау.
 3. Тәрбиеленуші оқушыларды еңбекқорлыққа жетелей отырып, бойында өзін – өзі тану, өз – өзіне баға беру, өзін – өзі тәрбиелеу, өздігінен даму, әлеуметтік жауапкершілік және әлеуметтену дағдыларын қалыптастыру.
 4. Оқушылардың да, ұжымның да табыстылығын және денсаулығы мен жан – жақты жетілуін қамтамасыз ету үшін, мектептің эмоционалды ахуалын жақсарту, білім беру ортасын дамыту.
 5. Тәрбие процесінде ата – аналардың қатысу рөлін арттыру.
- S** – Оқушылардың адамгершілік құндылықтардың отбасы тәрбиесіндегі орнын айқындау
M – Оқушылардың бойындағы құндылықтар отбасы тәрбиесіне қажетті тәрбие әдістерін зерттеу, тиімдісін таңдай білу
A – Ұлттық құндылықтардың отбасы тәрбиесіне қатысты озық үлгілерін қарастыру, рольдік ойындар арқылы және жоба дайындау негізінде тақырыптың маңызын тереңірек ашу дағдысын қалыптастыру
R – Ұлттық құндылықтың негізінде отбасы тәрбиесін жетілдіру жолдарын анықтау
T – «Құндылық тобы» арқылы, қорытынды мониторинг және нәтиже көрсеткіштерін шығару

Мектептің және сыныптың тәрбие жұмысы **№1 педагогикалық кеңеспен бекітілген** тәрбие жұмысының жоспары негізінде жүзеге асады.

Мектепшілік бақылау нормативтік құжаттама негізінде педагогтардың қызметін тексеру арқылы жүзеге асады.

2022-2023 оқу жылы мектепте **«Құндылыққа негізделген білім беру»** жобасы іске асып, осы жоба аясында қазан айының 31-нен қараша айының 4 аралығында курс өткізілді.

Мақсаты: Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, заманауи білімдерді меңгерген, бәсекеге қабілетті, салауатты ұрпақ тәрбиелеу болды.

Курстың тақырыптары әртүрлі болды. Олар, «Түйсік, Ерік-жігер, адамгершіліктің 6 дәрежесі», «Буллинг», «Қиын балалармен жұмыс» Сонымен қатар, ата-анамен, оқушылармен, сыныптан тыс іс-шаралар, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жоспарлар жайлы толығымен түсіндірілді. Осы жоба арқылы оқушыларды жақсы танып алу, олармен жылы қарым-қатынас құру басты мақсатымыз болды. Оқушыларға құндылықтарды шынайы өмірде қолдануына жағдай жасау қажеттілігі туындады. Осы

мақсатта мектепте ашылған «Құндылық» тобы айлық, жылдық жоспарлар жасап, мұғалімдер мен әкімшіліктерден, оқушылар және ата-аналардан құрылған «Үштік Одақ» «Құндылыққа негізделген білім беру» жобасының аясында өзара бірлескен жұмысын бастап кетті. Жоспарға сәйкес әр ай белгілі бір құндылыққа негізделіп отырды. Мысалы: қараша айын – «Құрмет» айы, желтоқсан айын – «Патриоттық» ай, қаңтар айын – адалдық айы, ақпан айы – жауапкершілік айы деп, т.б. айларында осы құндылық тобы реттеп отырды. https://www.instagram.com/p/Ckf71HWtc0a/?utm_source=ig_web_copy_link

Курста алған білімдерін бекіту мақсатында «Тәрбиеде құндылықты қалай жүзеге асырамыз? Баламен қалай жұмыс істейміз?» атты тақырыпта ұстаздарымыз ТЕДх форматында өз жұмыстарымен бөлісті.

https://www.instagram.com/p/CxgA2F1NhzC/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Құндылыққа негізделген білім беру» жобасының негізінде тәрбие беру жүйесінің келесі бағыттары айқындалды.

Тәрбиесінің қалыптасуына мақсаттылықпен өзіне қарай тұлғалық қасиеттеріне құйыла отырып, тәрбие бағытына қарай бағыттармен айқындалады.



Мектепте сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру арқылы оқушылардың бойында рухани адамгершілік, азаматтық-патриоттық, ұлттық тәрбие, отбасы тәрбиесін, көркем-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін, зияткерлік, мәдениетті тәрбиесін қалыптастырдық. 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында сынып жетекшілері мен оқушылардың бірлескен сыныптан тыс жұмыс нысандары арқылы әр түрлі іс-шаралар, сынып сағаттары, акциялар, флешмобтар, челенджер және тағы басқа мектепшілік шаралар жүзеге асты.

2022-2023, 2023-2024 жылдары сынып жетекшілері **азаматтық-патриоттық тәрбие бағыты** бойынша келесі іс-шараларды жүзеге асырды. Бұл бағыт «Жастар клубы», «Дебат клубы», Парламент өзін өзі басқару ұйымы, сынып жетекшілері арқылы ұйымдастырылды.

«Өзін-өзі басқару» ұйымының жұмысы жанданып, мектеп парламентінің Ұланбасын сайлауы алдын ала айқындалған критерийлер негізінде іске асты. Әр жыл сайын мектеп президенті парламент мүшелерімен бірлесе отырып, құндылыққа негізделген жұмыс жоспарын құрастырып отырды.

<https://www.instagram.com/reel/CiiNRI3gzmV/>

https://www.instagram.com/reel/CxZind3tv9y/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Ұрпақтардың рухани бірлігін, ата-анаға, айналасындағы адамдарға, құрбыларына деген құрмет пен жақсы қарым-қатынасты тәрбиелеу мақсатында **«Қарттарым асыл қазынам»** атты тақырыпта бастауыш сыныптар арасында онлайн бейне байқауы ұйымдастырылды. Оқушылар қарттар күніне қарсаңында ата-әжесімен түскен суреттен арнайы бейнебаян ұсынды.

https://www.instagram.com/reel/CxsysbXN7y7/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

1 қазан – Халықаралық қарттар күніне орай **«Аталы бала – баталы»** атты құндылықпен сабақтасқан мектепішілік іс-шара өтті. Қонақта мектеп оқушыларының ата-әжелері болды. Оқушыларымыздың санасына ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды, дінімізді, ата-бабаларымыздан қалған насихат-мұраларды, тәрбиенің көзі ата-бабамыздан қалған дана сөздерді насихаттап айтып отыру арқылы құндылығымызды дәріптейтін боламыз.

https://www.instagram.com/p/CxwtWjwNYGn/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Мектеп оқушылары қарттар күні ата-әжелерімізді мерекелерімен құттықтап, бата алу мақсатында алдарынан өтті. Ұйымдастырылып отырған шараның мақсаты өскелең ұрпақты мейрімділікке, үлкенге құрмет, кішіге ізет жасауға тәрбиелеу.

https://www.instagram.com/reel/CxxdWSrt6-T/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Оқушылардың бойында еліне деген мақтаныш сезімін оятып, елін сүйуге тәрбиелеу мақсатында **«Тәуелсіз елім – Қазақстан»** атты тақырыпта патриоттық бірыңғай ашық тәрбие сағаты өткізілді. <https://www.instagram.com/p/Clqe8bmsdib/>

«Дебат» клубы оқушылардың белгілі бір фактілерді зерттеуге, болжауға, жүйелеп сөйлеуге, өз көзқарасын ашық та жүйелі етіп дәлелдеуге және өз бағытын дұрыс ұсынуға жетелеу мақсатында **«Бұл палата теледидардың пайдасынан гөрі зияны көп деп санайды»** тақырыбында дебат пікірсайысын өткізді. <https://www.instagram.com/reel/CnWxepBK9Ds/>

Оқушылардың саналы ойлау қабілетін дамытуға, айналасындағы өмірде интеллектуалдық дағдыларын тиімді көрсетуге көмектесу мақсатында «Адалдық» айы қарсаңында **«Дарабоз»** интеллектуалдық сайысы өтті. <https://www.instagram.com/p/CnoYXwNNRjz/>

Оқушылар арасында патриоттық тәрбие бойынша Алаш зиялылары туралы дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Өзара пікірталасқа түсіп талқылау болды. Пікірталас - жастарды көшбасшылыққа баулудың бірден бір жолы. <https://www.instagram.com/reel/CmOFONRA8pt/?next=%2F>

Адамгершілік құндылықтар жүйесін қалыптастырудың бір жолы – кітап оқу. 2022-2023 оқу жылында кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру және оны қолдау, кітап мәртебесін («Кітап оқу – сән») арттыру мақсатында мектебіміздің оқушылары арасында **«Оқуға құштар мектеп» жобасы** жалғасын тапты. 5 сыныптармен **«Seasons»** тақырыбында сыныптан тыс іс-шара өткізілді. Іс-шараның мақсаты өзара қарым-қатынас пен әлеуметтік әріптестік арқылы оқушылардың оқу құзыреттілігін, оқу мәдениеті мен оқу белсенділігін арттыруды, оқу сауаттылығы бойынша халықаралық зерттеулерге қатысуға үндеуді көздеді. <https://www.instagram.com/p/Cj5ODWVsBB5/>

Осы жоба аясында **«Дебат» клубы** оқушылары **«Қаһар романы»** бойынша қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімінің ұйымдастыруымен талдау жұмыстарын жүргізді. Іс-шара оқушылардың оқығаны бойынша ортада бөлісіп жеке талдау жүргізе алуына, кітап оқуға деген сүйіспеншілігін арттыруға септігін тигізді.

<https://www.instagram.com/reel/CjroNU2AnSL/>

Республикалық **Әбіш оқуларының** қалалық кезеңінде Ә.Кекілбаевтың шығармалары бойынша зерделеу жоба байқауына қатысқан 10 сынып оқушысы Мусабеков Нұрлыбек жүлдегер атанып III дәрежелі дипломмен марапатталды. <https://www.instagram.com/p/CIBp4UVNflu/?next=%2F>

«**Адамгершілік – асыл қасиет**» тақырыбында ата-аналар комитетінің мүшелерінің қатысуымен оқушыларға адамгершілік қасиеттерді сіңіру мақсатында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

«**Адамгершілік тәрбиесі дегеніміз...**» тақырыбында ата-аналар комитетінің мүшелерінің қатысуымен оқушыларға адамгершілік қасиеттерді сіңіру мақсатында пікірталас ұйымдастырылды.

Оқушыларды өзінің төл мәдениетін, ұрпақтан – ұрпаққа жалғасатын салт – дәстүрлерін, әдет – ғұрыптарын сақтауына мүмкіндіктер туғызу, ұлттық сана – сезімді қалыптастыру мақсатында **Ұлттық тәрбие беру** кез-келген сынып жетекшісінің негізгі борышы. Осы мақсатта Республика күніне орай ұйымдастырылған «Патриотизм даусы» тақырыбында Қазақстан Республикасының әнұран орындау жарысы өткізілді. <https://www.instagram.com/reel/Cj0eaqMAuqh/>

Отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу мақсатында Республика күні мерекесіне орай 55 орта мектептің оқушылары «**Менің айбарлы Отаным**» тақырыбында флешмоб ұйымдастырды. <https://www.instagram.com/reel/Cj2rCJIACId/>

Ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеу, құрметтеу мақсатында «**Ұлттық ойындар**» бағыты бойынша 1 сыныптар арасында Наурыз мейрамына арналған сынып сағаттары өтті. [#qundylyqkz](#); [#наурыз](#) [#наурызмейрамы](#)

Оқушыларды патриотизмге, Отанына адал қызмет етуге және оның мүдделерін қорғауға тәрбиелеу мақсатында 1-6 сынып оқушыларының қатысуымен «**Тәуелсіз - елдің ұранымыз**» тақырыбында ән байқауы ұйымдастырылды. <https://www.instagram.com/reel/CkApxgTgytp/>

«**Қазыбек бидің 355 жылдығына**» орай Дуйсалиева мектепте ашық тәрбие сағаты өткізілді. Оқушылар Қазыбек бидің шығармалары мен шығу тарихы, шыққан жерін айтып, шағын театрландырылған қойылым көрсетті.. <https://www.instagram.com/reel/CkL2arGArK3/?next=%2F>

«**Менің жақсы істерім**» тақырыбында ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында мектеп оқушылары арасында игі істер жолында жақсылық жасау шеберліктері көрсетілді. Оқушылардың жақсылық жасауға, көмек қолын созуға, қамқор болуға деген оң көзқарастары қалыптасты. https://www.instagram.com/reel/Cxph0P7tcZ-/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA

Отбасы мүшелері арасындағы сыйласымдылық, үлкенді құрметтеу, ананы сыйлау, әкені қадір тұту, отбасы берекесі, отбасылық дәстүрлер, бауырмалдылық, туыскандық, денсаулыққа қамқорлық, салт – дәстүр сабақтастығы мен сүйіспеншіліктерін нығайту мақсатында мектебімізде **Отбасылық тәрбиеге** үлкен мән беріледі. «Дүниежүзілік отбасы күні аясында ата-аналарға арналған «**Отбасында тәрбие алған адам - бақытты адам**» семинары өткізілді.

Оқушылардың бойында **еңбек тәрбиесін, экономикалық және экологиялық тәрбиені, көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбиені** қалыптастыру. **Мақсаты:** оқушыларға экономикалық және экологиялық тәрбие беру арқылы шығармашылық қабілеттерін арттыру. Туған табиғатқа деген сүйіспеншілік сынды

құндылықтарды сіңіруге ықпал ету, эстетикалық сананы, эстетикалық талғамды қалыптастыруға септігін тигізу.

Оқушыларды білімді, жан-жақты болуға баулу, білуге, үйренуге деген қызығушылығын арттыру, жарысуға, жарыста жеңімпаз болуға ұмтылуын дамыту, Көшбасшылық қабілеттерін ояту мақсатында **«Көшбасшы» тақырыбында тренинг** өткізілді. Тренинг оқушыларды білімді, дарынды, озық болуға тәрбиелеп бағыт берді.
<https://www.instagram.com/reel/CizOrX6ASmN/>

Мектеп тәлімгерлері мен тәрбие меңгерушісі «Жас Ұлан» ұйымы жұмысын жандандыру, өзін-өзі басқару мүшелерінің жұмысына талдау жүргізу мақсатында сынып жетекшілермен **«Сынып жұмысын тиімді ұйымдастыру»** тақырыбында Жасұлан ұйымы жұмыстары туралы коучинг ұйымдастырды.
<https://www.instagram.com/reel/CjrWuQDIHY0/?next=%2F>

Көрнекті жазушы, драматург, журналист Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жылдығына орай ұлттық құндылықты дарыту мақсатында «Оралхан Бөкейді құрметтеу, қадірлеу құндылығын дарыту» тақырыбында ұлттық музейде 11-сынып оқушылары Ғалия Бөкейқызымен кездесу өткізді.
https://www.instagram.com/p/CxgDGifNR3z/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Мектепте 6 наурыз 2023 жылы **«Құндылыққа бағдар: оқу-тәрбие үдерісіндегі инновация»** тақырыбында республикалық курс тыңдаушыларына арналған семинар өтті. **Мақсаты:** құндылыққа бағытталған оқу-тәрбие үдерісінде бірлескен жұмыс арқылы іс-тәжірибе алмасу. Іс-тәжірибе алмасу семинары екі бөлімнен құралды. Алғашқы бөлімі – құндылыққа негізделген білім. Екінші бөлім – құндылыққа негізделген тәрбие. Мұғалімдер құндылық тақырыбын ашу мақсатында ашық сабақтар өткізді. Жалпы алғашқы бөлімде құндылыққа негізделген он сабақ өткізілді. Барлық сабақта құндылықтар көрініс тапты. Мектептің тәрбие ісінің меңгерушілері «Құндылыққа негізделген білім беру» жобасының іске асырылуы жайлы, «Құндылық бізге не берді?» сұрағына жауап беріп, семинарды қорытындылады. [#білімбасқармасы](#)

Мектеп ұстаздары бала тәрбиесіндегі жеткен жетістіктерімен бөлісу мақсатында **«Тәрбиеде құндылықты қалай жүзеге асырамыз? Баламен қалай жұмыс істейміз?»** атты тақырыпта ТЕДх форматында өз жұмыстарымен бөлісті.
https://www.instagram.com/p/CxgA2F1NhzC/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

2022-2022, 2022-2023 оқу жылдарындағы **еңбек тәрбиесі** әр түрлі іс-шаралар: қолөнер көрмелері, мектепті абаттандыру, игі істер апталығы, сенбіліктер арқылы жүзеге асырылды.

Дене тәрбиесі бағытының мақсаты: Оқушыларды салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене бітімін жетілдірудің құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастыру.

2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары дене шынықтыру футбол, волейбол, баскетболдан секциялық сабақтар және спорттық сыныптардың жұмысы арқылы жүзеге асты.

<https://www.instagram.com/p/CiiC-qCNeH-/https://www.instagram.com/p/Cj1kFyII8JW/>
<https://www.instagram.com/p/CkArAQnNhjN/>
https://www.instagram.com/p/ComBM_Ft4I9/

[#білімбасқармасы](#)

2023-2024 оқу жылы мектептегі тәрбие жұмысы Оқу ағарту министрінің 19.09.2023 ж. №294 бұйрығымен бекітілген **«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы»** шеңберінде жүзеге

асуда. Бағдарлама шеңберінде «Ұлттық мүдде», «Ар-ұят», «Талап» құндылықтары арқылы тәрбие жұмыстары жүзеге асырылып келеді.

Ұлттық мүдде: тәуелсіздік, егемендік, мемлекеттік аумақ, қазақ тілі, экономикалық өрлеу, халықтың әл-ауқаты, ұлттық қауіпсіздік, отаншыл, ұлттық мирасын, мұрасын қадірлейтін, ұлттық мәдениетті бағалайтын ұрпақ қалыптастыруды көздейді.

Ар-ұят құндылығы адами мінез-құлыққа сәйкес келмейтін, жағымсыз істерден бойын аулақ ұстауға, жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, парасаттылықты жоғары бағалауға, абыройлы болуға ықпал ететін адамдық болмыстың сапалы бейнесі.

Талап құндылығы өскелең ұрпақ бойында мәдениеттілік, табандылық, үнемшілдік, қанағат, ерік-жігер, таза ой мен адал ниетке тұғыр болады. Сонымен қатар, талап құндылығы баланың білім алуға, ғылымда жаңалық ашуға жаны құштар болуға, салауатты өмір салтын ұстануға уақыт пен қаржысын тиімді жоспарлауына дағдыландырады.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы: құндылықтар және оны іске асыру жоспары» тақырыбында сынып жетекшілердің әдістемелік отырысы өткізілді. Онда тәрбие мәселелері мен бағыттары туралы түсініктеме қалыптастыра отырып, жұмыс жоспары тізбектелді. https://www.instagram.com/p/Cw6nqO6I-4q/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Оқушының білім алуға, ғылымда жаңалық ашуға жаны құштар болуға, салауатты өмір салтын ұстануға дағдыландыру мақсатында 8 қыркүйек күні оқушылар «Физкультминутка» атты республикалық челенджге белсенді қатысты.

https://www.instagram.com/reel/Cw7NGr2Nhta/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Экономикалық өрлеу, халықтың әл-ауқаты, ұлттық қауіпсіздік, отаншыл, ұлттық мирасын, мұрасын қадірлейтін, ұлттық мәдениетті бағалайтын ұрпақ қалыптастыру мақсатында «Өзін-өзі басқару» ұйымының және «Еңбек» министрінің ұйымдастыруымен «Ең маңызды мамандық» бейнесайысы өтті.

https://www.instagram.com/p/C211_CztxD2/

<https://www.instagram.com/p/C218NsSNvq2/>

<https://www.instagram.com/p/C3m-e94K1Ev/>

https://www.instagram.com/p/C3m-4DbM3b8/?img_index=1

<https://www.instagram.com/p/C3nGjfYNx3Q/>

Оқушыларды жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, парасаттылықты жоғары бағалауға, абыройлы болуға ықпал ететін «Алғыс айту» күні іс-шарасы мектебімізде өз дәрежесінде өтті.

<https://www.instagram.com/p/C39suExtEu6/> <https://www.instagram.com/p/C39sfH0tUBZ/>

Оқу мен тәрбие - егіз ұғым. Тәрбие беру ұлттық құндылықтарымызды бала бойына сіңіру арқылы баланың интеллектуалдық, шығармашылық, психологиялық және эмоционалдық қасиеттерін анықтап білім алуға деген, үйренсем, мәдениетімді көтерсем деген құштарлығын аша түсеміз.

Оқушылардың сыныптан тыс жұмыс түрлері

✓ Пәндік және тақырыптық үйірмелер

Үйірме жұмысының мақсаты: жаңа уақыт талаптарына жауап бере алатын, кәсіби білікті, бәсекеге барынша қабілетті мамандарды даярлап, олардың бойында қазақстандық патриотизмді, төзімділікті, жоғары адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеп, үйлесімді дамыған жауапты тұлғаны қалыптастыру және ғылымға деген құштарлықтарын оята білу. Оқушылардың сыныптан тыс уақыттарын тиімді пайдалануға, шығармашылық белсенділікке, өз бетінше білімін жетілдіруге, салауатты өмір салтын сақтауға тәрбиелеу,

ынталандыру мақсатында 2022-2023 және 2023-2024 оқу жылдарында мектепте пән мұғалімдері әр түрлі үйірмелер жұмысын ұйымдастырады.

Шығармашылық үйірмелер бірнеше бағыт бойынша жүргізіледі. Мектепте би, бейнелеу өнері, сәндік қолданбалы шығармашылық үйірмелері, вокалдық үйірме, музей ісі бойынша үйірмелер бар.

Оқу жылы басында үйірме жұмыстарын жүргізетін мұғалімдердің жоспарлары жасалып, апта күндеріне арналған кестесі құрылып бекітілді. Мектепте үйірмеге 570-тей оқушы тартылған, әлеуметтік жағдайлары төмен отбасы балалары үйірмеге қамтылған. Мұғалімдер оқушыларды сыныптан тыс жүргізілетін тәрбие жұмыстарына және мектептегі мерекелік іс-шараларға, қалалық сайыстарға қатыстырып отырады. Мектепте бекітілген жылдық тәрбие жоспары бойынша мәдени іс-шаралар өткізіледі. Бұл орайда әр сыныпқа және сынып жетекшісіне әрбір өтілетін іс-шараны дайындау жауапкершілігі жүктеледі. Мәдени іс-шараларды өткізу барысында сыныптар арасында шығарма жазу, қабырға газетін шығару, зияткерлік ойындар, дебат, спорттық жарыстар, байқаулар, сайыстар және т.б. шаралар ұйымдастырылады.

Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыруда үйірме жетекшінің атқарар қызметі мол. Жыл сайын ұйымдастырылатын үйірме жұмысының нәтижесінде өнерде, спортта оқушыларымыз топ жарып, жоғары деңгейде көрсеткіштер көрсетуде. Домбыра үйірмесі, спорт үйірмелері: баскетбол, волейбол, футбол, стол теннисі, каратэ - жетекшілері дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері. Сонымен қатар оқушылар қаладағы түрлі спорт секцияларына, би т.б. үйірмелерге қатысады. Үйірме жұмыстары оқушылардың танымдық көзқарасын, белсенділігін арттыруда рөлі зор.

Оқушылардың оқу және оқудан тыс қызметінде өз мүмкіндіктерін іске асыру жағдайлары (сыныптан тыс үйірмелер, мен спорттық секция жұмыстары)

✓ Оқушылардың ғылыми және жобалық-зерттеу іс-әрекеті

Мектепшілік жобалардың жүзеге асуы.

1. «Еңбек – елдің мұраты»
2. «Ерте жастан экологиялық мәдениет»
3. «Дебат»

I. «Еңбек – елдің мұраты» жобасы.

Мақсаты: оқушыларды салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене бітімін жетілдірудің құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастыру. Оқушыларды еңбекке баулу. Денсаулық күніне байланысты барлық сыныптар арасында спорттық жарыстар өткізілді. Ұйымдастырушылар дене шынықтыру пәні мұғалімдері.

Сенбілікті өткізуде аумақты тазарту үшін іс-шаралар жоспары құрылды. Әр сыныпқа жауапты мұғалімдермен белгілі бір үлестік бекітілді, сенбілік жұмыстары кезінде қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық өткізілді. Ортақ күшпен бір сағат ішінде мектеп аумағы тазарып, әдемі болып шықты. Біздің мектептегі сенбілік – бұл аумақты тазарту және көріктендіру ғана емес, сонымен қатар бұл мұғалімдер мен оқушылардың ұжымдарын ұйымшыл етуге тамаша мүмкіндік.

II. «Ерте жастан экологиялық мәдениет»

Мақсаты: Оқушыларға экономикалық және экологиялық тәрбие беру арқылы шығармашылық қабілеттерін арттыру. Туған табиғатқа деген сүйіспеншілік сынды құндылықтарды сіңіруге ықпал ету. Білім алушылардың өзін – өзі кәсіби анықтауында мамандық таңдауына көмектесу, үлес қосу.

«Сыныптар арасында сайыс ұйымдастырылды.

көшбасшысы Нәлібай Сезім 5 сыныптар арасында квест ұйымдастырды. Оқушылар көңілді әрі белсенді қатысты. Мектеп ауласын тазарта отырып квестке қатысу арқылы ұтыс ойнатылды. Берілген уақыт 45 минут.

1 орын 3000тг 5г сыныбы

2 орын 2000тг 5 а сыныбы

3 орын 5 е сыныбы 1000тг

«Сарыға таста» тақырыбында қоқысты дұрыс сұрыптауға арналған қызықты ойындар өткізілді. Ұйымдастырушы «Экоәлем» бағыты көшбасшысы Нәлібай Сезім.

27 қаңтар 1-10 сынып бойынша "Экология және біз" тақырыбында сынып сағаттар ұйымдастырылды. Жалпы экологиялық сынып жұмыстары оқушыларды қоршаған орта мен табиғат аясына немқұрайлы қарамай, тазалықтың маңызын жете түсіндіру, оқушылардың бойында экологиялық мәдениеттің дағдыға айналуына жәрдемдесу, еңбек арқылы табиғатты күтіп ұстауға үйретуді мақсат етті.

III.«Дебат»

«Парасат» клубының дебаттық жұмысын дамытып, 3 лига бойынша жұмыстар жүргізілді.

«Оқуға құштар» жобасы аясында ағылшын тілі пәні мұғалімі Бахтиярова М.Б 5 сыныптармен «Seasons» тақырыбында сыныптан тыс іс-шара өткізді. «Seasons» тақырыбында өлең шумақтары мен мақал - мәтелдерін оқытып, оқушылардың тілдік қорын байытуға, шет тілінде дұрыс сөйлеуге мақсаттар қойылды. Жобаның жалғасы ретінде, кітапханадан ағылшын тіліндегі кітаптарды таңдап, оларды оқуға алды. Осы оқыған кітаптарына байланысты пікір – сайыс өткізілді.

Біздің ғасырымыз жаңа технологиялардың дәуірі болуымен қатар, тәрбие жұмысын дамыту, заманымыз секунд сайын өзгеріп отырғандықтан, жемісті әрі бақытты өмір сүру үшін адам баласы өмір бойы түрлі дағдыларды үйрену керек екені айтылды.

VI. «Үштік Одақ» жобасы бойынша қарқынды екінші жылға жалғасын тауып жатыр.

Мақсаты: оқушылардың мектепті басқаруға қатысу құқықтарын жүзеге асыру, жарқын ұйымдастырушылық қасиеттері бар жеке тұлғаны тәрбиелеу, өз бетімен шешім қабылдай алатын, жауапты және тәртіпті, дербес таңдау жасауға дайын, белсенді өмірлік ұстанымы қалыптасқан қабілетті көшбасшы тәрбиелеу болып табылады

Желтоқсан айында мектебімізде әртүрлі сыныптан тыс іс – шаралар өтті. 55 сыныпты 4 бөлім арқылы бөлдік.

1 бөлім: Бастауыштар бөлімі.

2 бөлім: 5-6 сыныптар

3 бөлім: 7-8 сыныптар

4 бөлім: 9-10, 11 сыныптар

Қыркүйек пен желтоқсан аралығында көптеген іс – шаралар жоғары деңгейде өтті.

Сол іс – шаралардың уақытылы және әртүрлі форматта өтуіне мектеп әкімшіліктері, оқушылар комитеті мен бірге көмекке ата – аналар да келді. Мектеп тек қана іс – шараларды өткізу қана қоймай, ата – аналармен де тығыз байланыста. Осы іс – шаралардың әділ өткізуіне қарай, ата – аналарды комиссия ретінде байланыс жасап отырдық.

Сынып	Жетістігі	Сынып жетекшілер
1 «А»	Алтын сынып	Түлегенова Данар
2 «А»	Күміс сынып	Садыкова Жанар
3 «А»	Қола сынып	Айтмбетова Эльвира
6 «Ә»	Алтын сынып	Дүйсалиева Айжан
6 «Г»	Күміс сынып	Арын Данэль
5 «Ж»	Қола сынып	Бахтиярова Мөлдір
6 «Д»	Қола сынып	Таттыбаева Гүлсім
8 «А»	Алтын сынып	Оралбаева Күнсұлу
7 «А»	Күміс сынып	Темирова Дамет
7 «Ә»	Қола сынып	Ахметова Бибисара
10 «А»	Алтын сынып	Алпысбаева Альвира
10 «Б»	Күміс сынып	Шакенова Айдана
11 «А»	Қола сынып	Оралбаева Нұрсұлу

Қыркүйек айынан бастап, мектепшілік тәрбие жұмыстарын әр бағыт бойынша тақырыптар көшбасшыларға жүктелді. «Үштік Одақ» жобасын жандандырылды.

«Халықтық педагогика» жобасы.

Мақсаты: Ұлттық салт – дәстүрлер арқылы балаға ақыл-ой, адамгершілік, әсемдік, дене, денсаулық, еңбек тәрбиелерін беру, мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.

Жоба жетекшісі: Темирова Д. М.

Жауапты топтар арқылы құндылықтарды дарытты. Олар:

1 сыныптар үшін: «Ұлттық ойындар» бағыты. Жауапты: Конусова С. А.

2 сыныптар үшін: «Төрт - түлік» бағыты. Кошчанова Г (33 мектеп)

3 сыныптар үшін: «Ұлттық тағам» бағыты. Мамбетбаева Д

4 сыныптар үшін: «Ұлттық ою - өрнек» бағыты. Рахметова Н (33 мектеп)

5 сыныптар үшін: «Ұлттық аспаптар» бағыты. Шериязданова А

6 сыныптар үшін: Тәрбие дәстүрі» бағыты. Ижанова Г

7 сыныптар үшін: «Қолданбалы өнер» бағыты. Тилекова М.

8 сыныптар үшін: «Атбегілік» пен «Құсбегілік» бағыты. Кеңес Ж

9 сыныптар үшін: «Отбасы дәстүрлері» бағыты. Ахметова А. А.

10 – 11 сыныптар үшін: «Тұрмыс салт дәстүрлері» бағыты. Шакенова А. Б.

Осы жауапты әкімшілік, мұғалімдер жобаны жүзеге асырып, іс – шараларды уақытылы өткізіп отырды.

https://www.instagram.com/p/CyD8IYptVG-/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

№	ЖОБАЛАР атауы	Жүзеге асыру мерзімі
1	«Экоәлем» жобасы	2023–2025
2	«Оқуға құштар мектеп» жобасы	2023–2025
3	«Өркендеу» жобасы	2023–2025
4	«Халықтық педагогика» жобасы	2023–2025
5	"Құндылыққа негізген білім беру" жобасы	2022 –2025
6	"Үштік Одақ" жобасы	2022-2025
7	"Дұрыс тамақтану" жобасы	2023-2025
8	"Жұмадағы жүздесу" жобасы	2023-2025
9	"Пікір - талас" (дебат) жобасы	2023-2025
10	«Тоғызқұмалақ» жобасы	2023-2025
11	«Асық ату» жобасы	2023-2025
12	«Адал ұрпақ» жобасы	2023-2025

13	«Төрт тоқсан – төрт өнер» ұлттық мәдени – ағарту жобасы	2023-2025
14	«9 айға, 9 іс – шара» жобасы	2023-2025
15	«Бала Абай» жобасы	2023-2025
16	«Бала және театр» жобасы	2023-2025
17	«Тәлімгер» жобасы	2023-2025
18	«Қамқор» жобасы	2024-2025
19	«Еңбегі адал – жас өрен» жобасы	2024-2025
20	«Smart Bala» жобасы	2024-2025
21	«Шабыт» жобасы	2024-2025
22	«Ұшқыр ой алаңы» жобасы	2024-2025
23	«Балалар кітапханасы» жобасы	2024-2025
24	«Біртұтас тәрбие» жобасы	2024-2025

Сабақтан тыс қызметте оқушы тұлғасының өз бетімен жүзеге асырылу жағдайы

Сыныптан тыс жұмысы - үйірме мен спорт секцияларына қатысатын балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын дамыту, оларға рухани мәдени бағыт беру, бос уақытын мазмұнды және тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік ашылады.

Шығармашылық үйірмелер бірнеше бағыт бойынша жүргізіледі. Оның ішінде би, бейнелеу өнері, сәндік қолданбалы шығармашылық үйірмелері, театр, вокалдық үйірме, музей ісі бойынша үйірмелер, әдеби үйірмелер бар.

Секциялар мен үйірме жұмыстары сабақтарында алған танымдық дағдылары мен терең білімдерінің арттыруларына қызмет етеді, білімнің түрлі саласына терең танымдық қызығушылықты қалыптастыруға мүмкіндік береді, оқушылардың кәсіби бағдарлануларына көмек береді. Олар 5-ші сыныптан ұйымдастырылады: сабақтар жоспар бойынша жүргізіледі, жоспары және мазмұны үйірме жетекшісімен анықталады.

Спорттық бағыттағы үйірмелер: үйірме мен спорт секцияларына қатысатын балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын дамыту, оларға рухани мәдени бағыт беру, бос уақытын мазмұнды және тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік ашылады. Мектепте оқушыларды қамту 2 бағытта жүзеге асырылады: мектеп үйірмелері және секциялар, мектептен тыс жұмыстар. Мектеп оқушыларын қамту 2022-2023 оқу жылында барлық оқушылар санынан 75 % құрайды, өткен оқу жылымен салыстырғанда 4% жоғары.

Мектепте спорттан 10 секция жүргізіледі (баскетбол, волейбол-ұл, қыздар, футбол, тоғызқұмалақ, шаңғы, гандбол, қазақша күрес, асық ату), оқушыларды үйірмеге қамту 57% -75% дейін өсті, өткен оқу жылдарымен салыстырғанда 20% жоғары.

Мектептен тыс дәстүрлі спорт шаралары, мектеп ішінде спорттың түрлі жарыстары: спорт сайыстары, денсаулық күндері, Президенттік тест, эстафеталар, оқу жылының аяқталуы бойынша спартакиада өткізіледі.

Секциялар мен үйірме жұмыстары сабақтарында алған танымдық дағдылары мен терең білімдерінің арттыруларына қызмет етеді, білімнің түрлі саласына терең танымдық қызығушылықты қалыптастыруға мүмкіндік береді, оқушылардың кәсіби бағдарлануларына көмек береді. Сабақтар жоспар бойынша жүргізіледі, жоспары және мазмұны үйірме жетекшісімен анықталады.

Жыл сайын секциялар мен үйірмелерге қатысушы оқушылар саны артуда.

2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарындағы қосымша білім беру жүйесінің жұмысын талдай отырып, ең алдымен соңғы екі жылдағы салыстырмалы талдау жүргізе отырып, қосымша білім алған мектеп оқушыларының пайыздық үлесін қарастырайық.

2022-2025 оқу жылында өткізілген сыныптан тыс үйірмелер мен спорттық секциялар бойынша көрсеткіштер

№	Үйірменің атауы	Жетекшісі	2022-2023	2023-2024	2024-2025
1	Домбыра	Баймаханова Айнур	20	32	20
2	Оқуға құштар	Утупова Шайнур	30	32	45
3	Волейбол	Нургалиев Ернар	20	30	30
4	Баскетбол	Қосжанов Айбек	10	15	23
5	Бокс	Кусабаев Серік	15	18	25
6	Каратэ	Айсұлу Боранбаева	28	35	40
7	Эко әлем	Тулегенова Данар	20	25	35
8	Вокал	Иманбеков Жангали	16	25	39
9	Шахмат	Ауезбаев Мереке	12	20	24
10	Футбол	Нурпейсова Жеңіс	25	25	10
11	Асық ату	Ауезбаев Мереке	15	17	23
12	Дойбы	Кусабаев Серік	16	15	22
13	Үстел теннисі	Ауезбаев Мереке	18	18	15
14	Авиа - модель	Қанат Абдрахманович	45	45	
15	Фото студия	Иманбеков Жангали	14	18	22
16	Шебер қолдар	Дотей Гүлнар	-	15	22
17	Ағылшын тілі	Жумабаева Тамила	15	25	45
18	Тоғызқұмалақ	Нурпейсов Жеңіс	59	65	71
19	Қазақша күрес	Нургалиев Ернар	25	27	28
20	Арт-терапия	Акулова А.Ф.	40	40	46
21	Бақытты отбасы	Дилдебаева Айнур			30
22	Тіл дамыту	Жұмадылов Аңсат			30
23	Ағылшын тілі	Юсупова Майра			30
24	Қыздар әліппесі	Дүкенбаева М.Е.			30
25	Робототехника	Мемешова Р.С.			30
26	Техникалық дизайн	Дотей Гүлнар			30
27	Көркем еңбек	Токенов Ж.К.			30
28	Жүреміз, жүземіз, ұшамыз	Токенов Ж.К.		30	30
29	Жеңіл атлетика	Нурпейсов Жеңіс		15	15
30	Хореография	Лукашук В.А.	25	25	35

Қорытынды: Мектепте оқушылардың сабақтан тыс қабілеттерін дамыту мақсатында үйірмелер мен секциялар өз жұмыстарын жоғары дәрежеде жүргізді. Осы өткізіліп жатқан жұмыстар оқушылардың бос жүрмеулеріне, қауіп-қатер тобына түспеулеріне, олардың белсенділіктерін арттыруға көп көмектері болуда.

2022-2024 оқу жылында оқушылардың үйірмеге қатысу бойынша көрсеткіштер

Жылдар	Оқушылардың жалпы саны	Үйірмеге қатысатын оқушылар саны	Мектептен тыс мекемелерге қатысатын оқушылар саны	Мектепшілік секция, үйірмелерге қатысатын оқушылар саны	Жобалау технологиясы бойынша қатысушы оқушылар саны
2022-2023 оқу жылы	638	438	43	467	605
2023-2024 оқу жылы	629	617	47	523	612
2024-2025 оқу жылы	1225	700	290	165	70

<https://drive.google.com/file/d/123ASF9j55n2tQkG8DpyJtt8hksCzm5N5h-/view?usp=sharing>
2022-2023 о.ж.

https://drive.google.com/file/d/123D5i8nN3tz1BfBkPnD_yuuaI3I0us3dU-/view?usp=sharing
2023-2024 о.ж.

<https://drive.google.com/file/d/123I85Z0Zs8Aj8HVAzzrwz7kWjMQ3Q1HO7b/view?usp=sharing>
2024-2025 о.ж.

2022-2024 оқу жылында оқушылардың үйірмеге қатысу мониторингі

2021-2024 оқу жылы бойынша үйірме жұмыстары өз деңгейінде өткізілді. Мектеп оқушылары түгел үйірмеге қамтылған.

Мектеп мұғалімдері және оқушылар ұжымы нәтижелілікпен еңбек етуде. Бұған әр жылдар бойынша мектеп жетістіктерін айтуға болады. Республикалық, облыстық, қалалық білім байқаулары, сайыстар, ғылыми жоба жарыстарының, пән олимпиадаларының жүлдегерлер саны саны артуда. Мектептің жетістіктері ұжым мүшелерінің ізденіспен жұмыс істеуінің нәтижесі.

Қорытынды: Осы үйірме жұмыстарында оқушылардың шығармашылық белсенділіктері мен дербестіктерін дамытуға жағдай жасалып, оқушылардың бейімділігі мен қабілеттерінің қалыптасуының кепілі бола алады. Мектептегі үйірме жұмысының нәтижелерін өткізілетін көрмелерден байқауға болады. Мектепте балаларды халықтық өнерге баулуда, көркемдік шеберліктің тәсілдеріне үйретуде қолданбалы өнер, іскерлік үйірмесі үлкен еңбек етуде. Үйірмелерде оқушылар өз шеберліктерін іс жүзінде қолдана алады. Асқан шеберлер көркем қолөнеріне басқаша шығармашылық көзбен қарап әдемі және деп айдалы заттарды жасай алады. Осы үйірмелер арқылы, оқушыларды өнерге баулып, эстетикалық талғамын дамытып, қабілеттерін арттырып, іскерлік дағдыларын қалыптастыру жолында жұмыс жүргізіп жатырмыз.

Ұсыныстар:

-әр оқушының шығармашылық арнайы ерекшеліктерін ескеру, шығармашылық, техникалық білім мен біліктілікті одан әрі қалыптастыру.

-Мектепшілік бақылау барысында тексеру нәтижелерін ескеріп педагогтар рейтингісіне өзгерістер енгізу.

-Тәжірибелі сынып жетекшілер мен мамандарды шақырып, оқыту семинарларын ұйымдастыру.

-Мектепішілік тәртіпті сақтау бойынша жұмыс жүйесіне мектеп белсенділерін қатыстыру (сабаққа қатысу, сырт бейне, қалып келу және т.б.)

-Жалпыұлттық құндылыққа негізделген іс-шаралар мен жобалар ұйымдастыру-кемшіліктерді жою мақсатында тәжірибелі сынып жетекшілер тарапынан шебер сынып сағаттарын ұйымдастыру, өзара тәжірибе алмасу;

-Оқушылардың мектеп парламенті мен «Жас ұлан» балалар ұйымы жұмысын жүргізуге деген ынта-жігерін, қызығушылығы мен белсенділігін арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізу.

-Мектеп оқушыларынан алдағы уақытта күш-қуаты мен білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсайтын,туған жерін,ана тілін,елінің әдет-ғұрпын,салт-дәстүр құндылықтарын қалыптастыру.

Ата-аналармен жұмыс

Мақсаты: Отбасындағы әлеуметтік рөлдерді орындау және отбасымен бірге өмір сүру ұмтылысын, жақындарына пайда келтіру қабілеттерін қалыптастыру. Ұлттық тәрбие арқылы жастарды тез өзгертіп тұратын қоғамда өмір сүруге үйрету. Ұлттық салт-дәстүрімізді, тілін, дінін үйретуге баулу. Отбасы тәрбиесіндегі ата-ананың балаға ықпалын арттыру. Халық педагогикасының методологиясы мен негізін айқындау. Оқушы бойында әдептілік және алғырлық, адами қасиеттерін қалыптастыру.

Міндеттері:

- Отбасылық құндылықтары жайлы түсінікті қалыптастыру;
- Отбасы мүшелері өзіндік түрлі міндеттерін орындау туралы білімін және сол міндеттерді орындау ұмтылысын қалыптастыру;
- Гендерлік айырмашылықтар туралы түсінік қалыптастыру;
- Туыс адамдар кемшілігіне деген шыдамдылық көрсетуін, оларға сүйіспеншілікпен қарау қабілеттерін қалыптастыру.
- Қазіргі заман отбасында ата-ананың тәрбиелік ықпалының ерекшеліктерін ашып көрсету, ұрпақ тәрбиесінде халық педагогикасының жүйелері, яғни, жүреппен ақыл тәрбиесі арқылы тәрбиелеудің маңызын ашып көрсету.
- Тәрбиенің ең тамаша жері отбасы екенін, олардың бала тәрбиесіндегі мүмкіндіктерінің жоғары екендігін және бүгінгі заман талабынан шығатынын көрсете білу.

Өткізу үшін ұсынылатын шаралар:

- Халық педагогикасын қолдана отырып, салт-дәстүрімізді уағыздайтын тәрбие сабақтарын өткізу.
- «Жеті өнер», -атты әңгіме. Елдің өткеніне саяхат.
- Байқаулар Қыз сыны, Жігіттер сұлтаны.
- «Ұлттық әшекейлер» жарысы.

Күтілетін нәтиже:

- Ұлдар және қыздар ережесін оқушылар бойына толыққанды сіңіру;
- Оқушыларды инабаттылық пен парасаттылыққа, мейірімділікке баулу;
- Жеке тұлғаның отбасымен үнемі тығыз байланыста болып отыруы;
- Ұл мен қыз және отбасы жайлы түрлі мақал—мәтелдер, жұмбақтар, нақыл сөздермен оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту нәтижесін күту.

Мектептегі тәрбие жұмысының нәтижелілігінің бір ұшы ата-аналармен, қоғамдастықпен мектептің бірлескен әрекетінде екені еш уақытта күмән туғызбайды.

Бала тәрбиесі мен дамуындағы басты рөл атқарушы – **отбасы**. Отбасы мектеппен бірлесіп оқу- тәрбиелеуші ортаның факторларының маңызды кешенін туғызады. Мектеп ата-аналар комитетімен, қамқоршылық кеңеспен келесі бағыттар бойынша жұмыс істеуде:

✓ Отбасылық тәрбие жағдайларының психологиялық тұрпаты, оқушының отбасыдағы психологиялық ахуалын, әлеуетін, оның тәрбиелік мәнін анықтау.

✓ Ата-аналармен жеке жұмыс жүргізу арқылы қоғамдық мәдениетін арттыру, психологиялық-педагогикалық көмек беру.

✓ Баланы тәрбиесінде отбасыға педагогикалық-психологиялық көмек беру, практика жүзінде іс-әрекеттер кешенін ұйымдастыру.

✓ Ата-аналардың оқу үрдісін басқаруға көмек беруін қадағалау.

✓ Ата-аналар белсенділеріне әдістемелік көмек (мектеп кеңесінің мүшелері, мектеп ата-аналар комитеті, үйірмелер мен секция жетекшілері, ұйымдастырушылар, ұжымдық шығармашылық әрекеттер).

❖ Қолайсыз отбасылармен жеке жұмыс арқылы кеңес беру, әңгімелесу, профилактикалық алдын алу кеңесінің отырысына шақыру, кәмелетке толмағандар арасындағы жасалған құқық бұзушылықтарды жұртшылық ата-аналардың қатысуымен шешу.

✓ Ата-аналарға отбасының адамгершілік өмір салтын қалыптастыруда, нашақорлықтың алдын алу және диагностикалауда, басқа да жағымсыз құбылыстардың алдын алуда көмек көрсету.

✓ Отбасымен жұмыс істеуге педагог – психолог, әлеуметтік қызметкер, қосымша білім беру мұғалімдерінің белсенді қатысуы.

✓ Қосымша білім беру және бос уақытты ұйымдастыру қызметтерінің ауқымын кеңейту.

❖ Оқушылардың, педагогикалық ұжым мен ата-аналардың бірлескен жұмыстарын ұйымдастыру.

✓ Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайтуда ата-аналардың көмек көрсетуі.

❖ Қамқоршылық кеңесі бұқаралық спорт, дене шынықтырумен айналысу, денсаулық сақтау, әлеуметтік-мәдени, білім беру іс-шаралары;

Мектепішілік жалпы ата-аналар жиналысы 1-ші тоқсанның басында өткізіледі. Жиналыс барысында бағыт бойынша көшбасшы ата - аналар, ата-аналар комитеті мен төрайымы, қамқоршылық кеңесі құрамы тағайындалды. Мектепте ата-аналар комитетімен бірігіп дәстүрге айналған байқаулар ұйымдастырылды.

- «Атаның сөзі ақылдың көзі»

- «Анасының қолқанаты»

- «Әжем және мен»

- «Отан отбасынан басталады»

- «Отбасы кикілжіңі және оны тиімді шешу әдістері» тақырыбында барлық сыныптарда дөңгелек үстел өткізілді.

- 1-4 сыныптар арасында «Менің жанұям» тақырыбында оқушылардан шығармалар алынды.

- «Сіз қандай ата-анасыз» тақырыбында 5-11 сынып ата-аналарынан сауалнама алынды.

Жыл басында ата-аналар жиналысын өткізіп әр сыныптың ата-аналар комитетімен мүшелері және жалпы мектепішілік ата-аналар комитетінің төрағасы (төрайымы) тағайындалады. Барлық сыныптарда сыныптық ата-аналар жиналысы өткізіліп ата-аналарға мектебіміздің негізгі тәртібі, сабақ кестесі, мектеп формасы жайында

мағлұмат беріліп, ата-аналарға арналған жаднама таратылады. Мектепте қандай байқау ұйымдастырылса ата-аналар комитеті қазылар алқасы болып сайланып, оқушыларға әділ төрелік жасайды. Жыл көлемінде ата-аналар комитетімен бірлескен түрлі іс-шаралар жоспарланып өткізіледі. Ата-аналар комитеті отырысында тәрбие жұмысының мәселелері қаралады. Тәртібі төмен оқушылармен **«Әкелер мектебі»** жұмыс жасайды. Сонымен қатар мектепте **«Аналар мектебі»** қыздар арасындағы тәрбиеге басшылық жасап отырады.

Отбасы апталығына орай мектепте отбасы құндылығын арттыру, ата-ананың қадірін түсіну мақсатында «Отбасы-бақыт мекені» атты отбасы мүшелерімен түскен суреттермен қысқа бейне ролик жасау байқауы ұйымдастырылды.

https://www.instagram.com/p/Cxvl0R_ttYu/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы» тақырыбында іс – шаралар өткізілді.

Ата – аналармен жұмыс «Педагогикалық қолдау» орталығының ашылуымен басталды. Республикалық Отбасы күніне орай 2023 жылдың 11-16 қыркүйек күндері «Жарасымды үштік: отбасы-бала-мектеп» тақырыбында апталық өткізілді.

1 – КҮН: «Ата-аналар» мектебінің отырыстары

2 – КҮН: «Оқуға құштар мектеп» жобасы:

1-4 сыныптар үшін «Әжемнің ертегісі»

5-11 сыныптар үшін: «Отбасымен оқыған кітап»

3 – КҮН: «Жарасымды үштік: отбасы-бала-мектеп» кездесулер

4 – КҮН: «Отбасы және қоғам» дөңгелек үстел

5 – КҮН: «Біз біргеміз!» отбасылық спорттық ойындар

6 – КҮН: «Отбасы құндылығы...» қалалық конференция

https://www.instagram.com/p/CxC_q-4NQG8/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Балаңызбен сырласа білесіз бе?» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді.

Мақсаты: Мектеп пен ата-аналардың ынтымақтастығын жалғастыру. Қоғамда ата-ана мәдениетін қалыптастыру, олардың белсенділігін арттыру, бала тәрбиесіндегі рөлін күшейту, отбасы құндылықтарын насихаттау, бала құқығы, білімі, денсаулығы, қауіпсіздігі, құндылық айы бойынша ұйымдастырылған іс-шаралар т.б. өзекті мәселелер талқыланды. <https://www.instagram.com/reel/ClpjjKqIxmW/?next=%2F>

Мектепте «Үштік одақ жобасын жандандыру» атты жалпы ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды. Жиналыс барысында ата-аналар комитеті құрамы, қамқоршылық кеңесі құрамы толықтырылып, мүшелері өзгертілді. Жасұлан ұйымы бойынша мектеп президенті және 7 бағыт көшбасшылары таныстырылды. 7 бағыт бойынша ата-аналар құрамы толықтырылып, өзгеріс енгізілді. <https://www.instagram.com/p/CjBaXWMtmXI/>

Өзін-өзі басқару

Оқушылардың мектептегі өзін-өзі басқаруы білім беру процесін демократияландыруға ықпал етеді және білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының ажырамас бөлігі. Оқушылардың өзін-өзі басқаруының мақсаты – оқушылардың азаматтық құқықтары мен мүдделерін қорғауға, мектептің өзекті мәселелерін шешуге қатысуға бағытталған жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру.

Өзін-өзі басқару ұйымының негізгі мақсаты:

* Оқушылардың мектептегі өмірін қызықты етіп ұйымдастыру және қоғамдағы рөлін, жауапкершілік сезімін, белсенділігін арттыру.

